

**«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік  
қоғамының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері  
бойынша талдамалық анықтама**

**21 ақпан 2023 жыл**

**Қызылорда қаласы**

1. «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚЭТТК» АҚ) «Өндірістік-техникалық қызметі» бөлімі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау –Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидасына сәйкес және «ҚЭТТК» АҚ-ның Директорлар Кеңесінің төрағасы Р.А.Нұрмағанбетовпен 27 желтоқсан 2022 жылы бекітілген «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының Комплаенс офицерінің 2023 жылда атқаратын жұмыс жоспарының 3- тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды - «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының Комплаенс офицері Б.Ш.Кушимбаев, 2022 жылы қамтылып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

4. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Өндірістік-техникалық қызметінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Өндірістік-техникалық қызметінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

5. Талданатын объект туралы мәліметтер:

Өндірістік-техникалық қызметі «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының құрылымдық бөлімшесі болып табылады және Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары – бас инженерге тікелей бағынады.

Бөлім өз қызметін жүзеге асыру кезінде, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің негіздерін, Қоғамды және маңызды болып табылатын серіктес елдердің заңнамасының негіздерін басшылыққа алады. Қоғамның қызметіне, Қазақстан Республикасының еңбекті қорғау ережелері мен нормаларын, Қоғам Жарғысына, Қоғамның Директорлар кеңесі мен Басқармасының шешімдеріне, ҚР СТ ИСО 9001 халықаралық стандарттарына. ISO 14001. OHSAS 18001. ISO 50001-2012, осы лауазымдық нұсқаулық және Қоғамның басқа да ішкі ережелерін басшылыққа алып жұмыс жасайды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы. Әйтеке би көшесі, №25

6. Өндірістік техникалық қызметінің кадрлық құрамы:

Бөлімде 7 қызметкер жұмыс атқаруда, нақтырақ:

1. Қызмет басшысы;
2. Қызмет басшысының орынбасары;
3. Жетекші инженер;
4. Жөндеу жөніндегі жетекші инженері;
5. Пайдалану жөніндегі инженері ;
6. Энергия үнемдеу жөніндегі инженері;
7. Техникалық шарт жөніндегі инженері.

Бөлім қызметкерлері - Басқарма төрағасымен бекітілген бөлім ережесімен және қызметкердің функционалдық міндеті көрсетілген қызметтік нұсқаулықтары негізінде қызмет атқарады.

7. Бөлім функциялары:

1. Өндірістік техникалық қызметінің жұмысын, атап айтсақ:

а) Қоғамның негізгі қорларын күрделі, ағымдағы жөндеуді және пайдалануды ұйымдастыру бойынша АЭТ және өндірістік қызметтердің жұмыстарын үйлестіру, жоспарын жасау, бекіту және орындалуын қадағалау;

2022 жылға жоспарланған барлық күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары толығымен орындалды. 2023 жылғы жоспар жасалып, жөндеу жұмыстарына қажетті материалдар таңдалып, қазіргі таңда материалдарды сатып алуға, мемлекеттік сатып алу порталына жарияланып, келісім шарттар жасалуда.

б) қосалқы станциялардың оқшаулағыштарын тазалап сүрту, техникалық күтім жұмыстарын жоспарлы орындалуын және қажетті материалдармен қамтамасыз етілуін қадағалау;

2022 жылға қосалқы станциялардың оқшаулағыштарын тазалап сүрту жұмыстары толығымен орындалды. 2023 жылға жоспарланған жұмыстар бойынша, қазіргі таңда наурыз айының жоспарына сәйкес уақытылы орындалуда.

г) желілерді күзгі - қысқы максимумда жұмыс істеуге дайындау, көктемгі су тасқынын өткізу, найзағай және көктайғақ маусымдарында жұмыстардың жүргізілуін ұйымдастыру және бақылау;

2022 жылға жоспарлан барлық жөндеу жұмыстары толығымен орындалып, 2022-2023 жылғы күзгі-қысқы мерзіміне дайындық паспорты алынды.

д) тұтынушылардың өтінімдері бойынша электр желілеріне қосылуға техникалық шарттарды беру және есепке алу;

«ҚЭТТК» АҚ-мен 2022 жылы 2794 жеке тұлғаға және 1223 заңды тұлғаға (бизнеске арналған үкімет арқылы) электр желісіне қосылуға техникалық шарт берілген.

Атап айтсақ,

р/с	Атауы	жеке тұлға	заңды тұлға
1	ҚЭТТК	66	153
2	Арал АЭТ	252	73
3	Қазалы АЭТ	336	72
4	Қармақшы АЭТ	30	33

5	Төретам АЭТ	513	23
6	Жалағаш АЭТ	37	44
7	Теренөзек АЭТ	97	39
8	ҚЭТБ	269	218
9	Қызылжарма АЭТ	354	17
10	Тасбугет АЭТ	5	443
11	Шиелі АЭТ	349	40
12	Жаңақорған АЭТ	486	68
	Барлығы:	2794	1223

е) ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау Комитетінің департаментіне жылдық жиынтық сметалар мен жөндеу жұмыстарына және пайдалану шығын материалдарының құжаттарын дайындау;

2022 жылы тарифтік сметада бекітілген баптар бойынша атқарылған жұмыстар есебінің құжаттарын дайындалуда.

ж) электр желілерін теңгерімге қабылдау;

2022 жылы «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасынан» «ҚЭТТК» АҚ-на ешқандай электр желілері қабылданған жоқ.

к) диспетчерлік нөмірлер бере отырып, жаңадан енгізілетін нысандарды қосу үшін өкім дайындау;

2022 жылы электр желісіне қосылуға техникалық шарт берілген 72 тұтынушының қосалқы станциясына жаңадан диспетчерлік нөмір беріліп, қосуға өкімдер шығарылды.

м) электрмен жабдықтау үшін тұтынушылардың жұмыс жобаларын қарау және келісу;

электр желісіне қосылу үшін техникалық шарт алып, шарттар бойынша жасалған жобалар тексеріліп, келісім берілуде.

Жоғарыдағылардың негізінде, «Өндірістік-техникалық қызметі» бөліміне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын алу мақсатында, төмендегідей ұсыныс білдіремін.

Ұсыныс:

1. Электр желісіне қосылу үшін алатын техникалық шарттар бойынша, тұтынушылар, яғни заңды тұлғалар секілді, жеке тұлғалардан да бірінғай портал арқылы өтініш қабылдап, техникалық шарттар беру.

Комплаенс офицер



Б.Кушимбаев

Ташкент  
Келесі А. Келесі  
21. 02. 23.